

2017 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің 2016 жылғы 7 желтоқсандағы N 20 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 желтоқсанда N 3974 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16-бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2017 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуі және медициналық куәландырылуы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары А.К. Рамазановаға жүктелсін.

3. Осы шешім оны алғашқы рет жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданы әкімі*

Е. Бекшенов

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
"Солтүстік Қазақстан облысы
Мамлют ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің бастығы
2016 жылғы 7 желтоқсан*

А. Хорошенко